

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

ЭФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРАКТИВНОЙ МЕТОДИКИ ОБУЧЕНИЯ С ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ТОЧКИ ЗРЕНИЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ EFFECTIVE METHODS THE USE OF INTERACTIVE METHODS OF TEACHING FROM PEDAGOGICAL POINT OF VIEW IN PRIMARY SCHOOL

В данной статье рассматриваются интерактивные методики обучения в начальных классах педагогической точки зрения эффективного применения методов.

Ключевые слова: интерактивность, интерактивное обучение, интерактивные методы.

This article interactive methods of teaching in the initial classes of the pedagogical point of view of effective application of methods are considered.

Keywords: interactivity, ineractive methods, ineractive training.

Университет Алматы, Алматы, Казахстан.

Қазіргі таңда адам ақпарат саласында қарқынды өрлеу жағдайында өсуде. Осы орайда оқушыларды өмір жолында туындайтын сұрақтарға жауаптарды өз бетімен табуға үйрету; өздерінің іс-әрекеттерінің салдарын бағалап, олар үшін жауапкершілікті ала білу; өзін-өзі дамыту; білімді шығармашылық қолдана білу және т.б. қалыптастыру мектеп алдындағы негізгі міндеттер болып саналады [1].

«Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму» стратегиясында экономикалық және әлеуметтік серпінге ықпал болатын «адамдардың өзі, олардың еркі, энергиясы, табандылығы, білімі», ХХІ ғасырда қоғам дамуының негізгі қағидасы білімділік деңгейімен белгіленетін ұлттың бәсекеге қабілеттілігі болады», – деп атап көрсетілген [2].

Сондықтан мұғалімдердің кәсіби деңгейі, білім беру үрдісінің мазмұнын, интербелсенді оқыту әдістерін тандауды және оқыту технологиясын жетілдіруді талап етеді.

Интербелсенділік түсінігі «символдық интеракционизмнен» (Дж. Г. Мид және т. б.) алынған, бұл адамдардың қарым-қатынасын, бірін-бірі бақылап, бір-бірінің пікірлерін ұғынып, оларға әсер ететін «үздіксіз» диалог ретінде қарастырылады [3].

Интербелсенді оқыту ұстанымы оқыту үдерісінің барлық оқушылардың тұрақты, белсенді, өзара қарым-қатынас арқылы әрекет етуін жүзеге асырады. Оқушы мен мұғалім оқытудың тең құқылы субъектісі болып табылады. Мұнда жұмыстың нәтижесінен гөрі оны шешу үдерісі маңызды саналады. Себебі, интербелсенді оқыту ұстанымының мақсаты – оқушыларды өздігінен жауап іздеуге бейімдеу және сол бағыттағы бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыру.

Осыған орай оқытудың белсенді әдістері қолданылатын сабақтарды ұйымдастырудың шарттарына мыналар жатқызылады:

- 1) проблемалық;
- 2) ынтымақтастық және ұжымдық өзара әрекет;
- 3) оқушылардың жеке басы мен психологиялық дамуын басқару;
- 4) оқушыларды ұдайы белсендіріп отыру: оларды жауап беруге, талдау жасауға, бағалауға, жіктеме жасауға және т.б. әрекеттерге тартып отыру;
- 5) мұғалімнің моделін өзгерту: ұйымдастырушы, серіктес, кеңесші, бағыттаушы және т.б. рөлдерді атқаруы.

Білімді меңгеру үдерісінің негізгі проблемаларының бірі мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеті және ролімен тығыз байланысты. Мәселен, Ұстаз деген кім: «үйренуші» ма жоқ, әлде «үйренушіге» жағдай жасаушы ма? Ұстаз орасан зор емес, ол-шәкірттің жеке шығармашылық жұмысы мен еңбегінің бастамасы, ұйытқысы, үйренушіні білім алудың белсенді әрекеттеріне ынталандырушы [4].

Интербелсенді оқытуда мұғалім бұрынғы «үйренуші» және «бұлжымас бедел» рөлдерінен бас тартып, таным үрдісін ұйымдастырушыға айналады, ол үйретпейді, үйренуге бағыт-бағдар сілтейді, өзі де үйренеді. Мұғалім «білім көзі» емес, ол-шәкірттің жеке шығармашылық жұмысы мен еңбегінің бастамасы, ұйытқысы, үйренушіні білім алудың белсенді әрекеттеріне ынталандырушы [4].

Интербелсенді оқытуда білім алушылар мынандай білім, білік, дағды, машықтарға: терең ойлануға; ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, іріктеп, оның ішінен керектісін тандап алуға; ақпаратты жан-жақты талдауға; өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыруға; пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеуге; басқа да балама пікірлерді ескеруге; шешім қабылдауға және қиын

мәселелерді шешуге, өзгелермен тиімді қарым-қатынас құруға үйеренді. Сонымен қатар бұл әдістер оқыту барысында тәрбиеленушілердің тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді.

Демек интербелсенді оқыту әдістемесі әлеуметтік психологиялық белсенді оқытудың қазіргі бағыты. Бұл оқыту ақпараттық технологиялармен, дистанциондық (қашықтан) білім берумен, интернет ресурстарын қолданумен, электрондық оқулықтар мен анықтамаларды, онлайн режиміндегі еңбектерді пайдаланумен де тығыз байланысты.

Осыдан интербелсенді оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту үрдісін ұйымдастыру.

Оқушылар «Сабақ қалай өтті: қызық болды ма?», «Сіз үшін сабақтың құнды жәйттері қандай болды?», «Бүгін не нәрсеге үйрендіңіз (білдіңіз)?», «Бүгінгі үйренгеніңіз Сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба?», «Осы тақырып бойынша тағы да не білгіңіз келеді (қандай ақпарат көздерін оқисыз)?», «Қандай сұрақтарыңыз бар?», «Сабақтың өту барысы бойынша қандай пікірлеріңіз/ұсыныстарыңыз бар?» деген сұрақтарға жауап береді.

Кері байланыс ұстаз бен шәкірттердің арасында сенімге негізделген қарым-қатынас орнатуға бағытталады. Сонымен қатар ол өткен сабақты бағалау мен талдаудың, келесі сабақты жоспарлаудың тиімді түрі болып табылады.

Сонымен қорытындылай келе жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл әдістер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырып, қызығушылықтарын оятып, ізденімпаздыққа және т.б. қабілеттерін ашуға жетелейді, оқушының оқыту үрдісінің субъектісі ретінде белсенділігін қамтамасыз ететін оңтайлы жағдай қалыптастырады.

Литература

1. Н.Ә. Назарбаевтың 2006 жылғы 26 мамырдағы Г.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде студенттерге арнап оқыған «Инновациялар мен оқу – білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» дәрісі // Егемен Қазақстан.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» стратегиясы. Алматы, 1997.
3. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования, игр, дискуссий. Рига, 1995.
4. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. Алматы, 2009.